



Оңтүстік  
корей

Орындаған: Нурбакыт Мамыркулов

Тексерген: Назаров Б



# ЖОСПАРЫ

- ? Жалпы шолу
- ? Экономикасы
- ? Географиялық орны
- ? Ұлттық тағамы
- ? Тарихы
- ? Мәдениеті
- ? Компаниялары



# Жалпы шолу:

Астанасы: Сеул

Ірі қалалары: Сеул

Басқару формасы: Президенттік республика

Президент: Ли Мён Бак

Премьер-министр: Ким Хван Сик

Территориясы: 99 274 ш2 (аумағы бойынша әлемде 107-ші орында)

Халық саны: 49 024 737 адам (халқынын саны бойынша әлемде 25-ші

орында) — тығыздығы: 1 шаршы шақырымға 480 адам.

ЖІӨ: \$999 369 000 000 АҚШ доллары (экономика

қуаттылығы жөнінен әлемде 13-ші орында) — жан басына шаққанда — \$27 790

Ресми тілі: Кәріс тілі

Валютасы: Оңтүстік Корей вонасы



# Экономикасы:

20 ғ-дың 60-жылдарынан бастап Корея экономикасы жағынан жедел дамыды, 1996 ж. дамыған елдер деңгейіне жетті.

“Азия жолбарысына” айналған осы ел 1997 ж. қаржы дағдарысына ұшырап, ол 1999 — 2000 жылға дейін созылды. Экономика құлдырап, жұмыссыздық көбейді. Кореяның жылдық ұлттық табысы көл. — 485,2 млрд. АҚШ доллары, жеке адамға шаққанда — 13500 долл. шамасында. Экспортқа электр тауарлары, киім кешек, аяқ киім, кеме, химия өнімдерін шығарса, импортқа мұнай мен мұнай өнімдерін, астық және тамақ өнімдерін, Химия өнімдеріне қажетті шикізаттар әкелінеді. Негізгі сауда серіктестері: АҚШ, Жапония, Сауд Арабиясы, Австралия, Сингапур, Қытай, т.б.





# Географиялық орны:

Корея Республикасы – Корей түбегінің оңтүстігінде орналасқан. Оның жер көлемі 223 мың 98 шаршы шақырымды құрайды. Жер бедері негізінен таулы болып келеді. Таулар елдің үштен екі бөлігін алып жатыр. Солтүстік жағында Корей таулары (Кымгансан, Хамчен, Пуджоллен, Кяма, т.б. таулары мен үстірттер) жатыр. Корей түбегіндегі ең биік нүкте **Пэктусан** тау жотасы саналады. Оның биіктігі теңіз деңгейінен 2744 метр. Ең ұзын екі өзін **Амноккан** (790 км) және **Турманган** (521 км).



Туы:



Ел таңбасы:



# Корейдің ұлттық тағамдары.

- **панчхан** — тіскебасарлар.
  - **намульт** — уксус пен май қосылып, мариновталған көкөністер.
  - **кимчхи** — ащы қызыл бұрыш қосылған теңіз қырыққабаты.
  - Кәрісше жасалған сәбіз — Кеңестік кәрістердің кимчхиге ұқсас тағамы
  - **ччим** — бұқтырылған тіскебасар
- **тофу** — соя қосылған сүзбе.
- **ким** — балдырдан жасалған



# ЭТИМОЛОГИЯ

? Корей тілінде Корея Республикасы *Тэхан мингук* (대한민국тындау (акп.), 大韓民國) деп аталынады. Дегенмен толық атаудың *Хангук* (한국, 韓國) немесе *Тэхан* (대한, 大韓) деген қысқартылған атаулары жиірек қолданылады. Кей уақытта *Намхан* (남한), яғни «Оңтүстік Хан» деген атау да қолданылады, бұл атау «Солтүстік Хан», яғни Солтүстік Корея елінің атауы болып табылатын *Пукхан* (북한, 北韓) деген сөзге қарама-қарсы бағытта қолданады. «Хан» сөзі Корей түбегін мекен еткен ежелгі Самхан тайпалық одағының атауына қатысты, ал «Корея» сөзі б.з 918—1392 жылдары Корей түбегінде өмір сүрген Корё мемлекетінің атауынан шыққан. Корё сөзінің өзі Корей түбегінің солтүстік аймағын, сондай-ақ қазіргі Қытайдың солтүстік-шығыс бөлігі мен Ресейдің Жапон теңізі бойындағы жерлерінде орналасқан ежелгі Когурё мемлекетінің атауынан шыққан





# ТАРИХЫ

? Корея тарихы б.з.д. 2333 жылы Чосон мемлекетінің (әдетте XIV ғасырда билік құрған Чосон әулетінен айыру мақсатында Кочосон деп атау қабылданған, *Ко-* префиксі «ежелгі», «ерте», «алдыңғы» деген мағынаны білдіреді) құрылуынан бастау алады. Корей аңыздарына сәйкес Кочосон мемлекетінің негізін Тангун қалаған. <sup>[6][7][8]</sup> Аңыз бойынша Маньчжурияның Ляолин аймағы мен Корей түбегінің солтүстік-батыс өңірінде көптеген тайпалар пайда болды. Тангун осындай тайпалардың бірінің басшысы болған және корей ұлтының негізін қалаған. Тангун көптеген кіші тайпаларды біріктіріп, Кочосон мемлекетінің негізін қалаған болатын. Кочосон елін б. з. д. 108 жылы қытайдың әйгілі Хань мемлекеті басып алып, елде 4 әкімшілік округ құрады.



# ЕРТЕДЕГІ ҮШ ПАТШАЛЫҚ Ж/Е КАЯ

- ? Қала негізіндегі мемлекеттер кейіндері тайпалық бірлестіктерге қосылып, күрделі саяси жүйе қалыптастыра бастады. Мұндай бірлестіктердің қосылуы – патшалықтардың пайда болуына себепші болды. Сондай алғашқы патшалық б. з. д. 37 – б. з. 668 жылдар аралығында өмірген сүрген Когурё мемлекеті. Мемлекет негізін Хань патшалығына қарсы шыққан Кореяның әйгілі қолбасшысы Тонмёнсон уан (Жумоң уан) қалаған. Жумоң уан бүкіл корей халқын қытай басқыншылығынан азат етіп, бүкіл Корея түбегінің солтүстігін бір мемлекетке бағындырды.
- ? Б. з. д. 18 – б. з. 660 жылдары өмір сүрген Пэкче мемлекеті де ертедегі үш патшалықтың бірі. Бұл патшалықтың негізін Тонмёнсон уанның кенже ұлы Онджо уан қалаған. Аталған патшалық Ханган өзенінің төменгі сағасында, қазіргі Сеул қаласы орналасқан жердегі қаланың негізінде пайда болған.
- ? Силла патшалығы (б. з. д. 57 – 935 жыл) Корей түбегінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Бұл мемлекет сол кездегі үш патшалықтың ішіндегі ең әлсіз, әрі артта қалған болатын. Алайда Силла Қытайдан айтарлықтай шалғай орналасқандықтан мұнда Қытайдың ықпалы әлсіз болды.
- ? Кая конфедерациясы Нактонган өзенінің сағасында мекендеген бірнеше солтүстік тайпалардың бірлестігі ретінде қалыптасты.





# ЖЕР БЕДЕРІ Ж/Е ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРЫ

- ? Корей түбегіндегі ең биік нүкте – Пэктусан тау жотасы болып саналады. Оның биіктігі теңіз деңгейінен 2744 метр, Қытай мен Солтүстік Кореяның шекарасында орналасқан. Ал Корея Республикасының территориясындағы ең биік нүкте – Чеджудо аралында орналасқан Халласан (1950 м) сөңген жанартауы болып табылады. Елдің орталығы мен шығысын Шығыс Корей таулары (кор. 태백산맥) алып жатыр.
- ? Оңтүстік Кореяда бірнеше көлдер мен ірілі ұсақты өзендер бар, солардың ішіндегі ең ірі өзен – Нактонган өзені (ұзындығы 506 км, бассейні 23 384 км<sup>2</sup>) болып табылады. Ол Тэгу, Пусан секілді ірі қалалар арқылы ағып өтеді. Сондай-ақ Ханган (481,7 км) өзені елдің астанасы - Сеул қаласын кесіп өтеді.



# КЛИМАТЫ

? Кореяның климаты табиғат мезгілін анық ажыратуға мүмкіндік береді. Елдің әртүрлі аймақтарындағы ауа температурасы да қатты өзгеріп отырады. Орташа температура ауытқуы шамамен 6 °C (43 F) тан 16 °C (61 F) ға дейін. Климаты жағынан — МУССОНДЫ, жазы — ыстық, әрі ылғалды, қысы — біршама суық және құрғақ. Жылдық жауын-шашын мөлшері Сеулде 1370 миллиметрден Пусанда 1460 миллиметрге дейін құбылады.





# КОНСТИТУЦИЯ

- ? Корея Республикасының тұңғыш Конституциясы 1948 жылдың 17 шілдесінде қабылданған. Осы күнге дейін көптеген саяси дүрбелендер мен төңкерістер салдарынан Конституцияға тоғыз рет өзгерту енгізілген. Ең соңғы өзгерту 1987 жылы 29 қазан күні жасалды.
- ? Конституция Прембуладан, 130 бап пен 6 толықтырудан тұрады. Құрылымы 10 тарауға бөлінген:
- ? **I тарау:** Жалпы бөлім;
- ? **II тарау:** Азаматтардың құқықтары мен міндеттері;
- ? **III тарау:** Ұлттық жиналыс;
- ? **IV тарау:** Атқарушы билік;
- ? **V тарау:** Соттар;
- ? **VI тарау:** Конституциялық сот;
- ? **VII тарау:** Сайлау жүйесі;
- ? **VIII тарау:** Жергілікті өзін-өзі басқару;
- ? **XIX тарау:** Экономика;
- ? **X тарау:** Конституцияға толықтырулар мен өзгерістер;



# ПРЕЗИДЕНТ

? Корея Республикасының мемлекет басшысы — президент болып табылады. 2017 жылдың 10 мамыры заңгер, саясаткер және мемлекеттік қайраткер — Мун Джэ Ин Корея Республикасының 12-президенті болып сайланды.



# ПАРЛАМЕНТ

- ? Корея Республикасының мемлекет басшысы — президент болып табылады. 2017 жылдың 10 мамыры заңгер, саясаткер және мемлекеттік қайраткер — Мун Джэ Ин Корея Республикасының 12-президенті болып сайланды.





# ХАЛҚЫ

- ? Корея Республикасының түпкілікті, әрі негізгі халқы – корейлер. XIX ғасырдың аяғынан бастап бұл жерде он мынан астам қытайлықтар да қоныстанған. 2006 жылғы сарап бойынша Кореядағы қытайлар саны 20 700 адамды құрады. Олардың басым бөлігі Тайвань азаматтары<sup>[9]</sup>. Соңғы жылдары Кореяда шет ел азаматтарының саны артуда. 2012 жылғы мәліметтерге<sup>[10]</sup> сәйкес Кореяда 1,4 млн шет ел азаматтары тұрып жатыр. Олардың 293 мыңы елде қысқа мерзімді виза арқылы, 944 мыңы ұзақ мерзімді виза арқылы, ал 188 мыңы тұрғылықты мекен-жайымен тұрып жатыр. Шетелдіктердің жартысынан көбі – Қытай Халық Республикасының азаматтары, оның ішінде үштен бірі – этникалық кәрістер.





? Оңтүстік Кореядағы саны 5000  
асқан иммигранттар тобының тізімі Оңтүстік  
Кореядағы иммигранттардың  
туған жерлері (2011 жыл) Саны Қытай 549  
751 АҚШ 122 659 Вьетнам 90 931 Жапония 47  
718 Филиппиндер 45 913 Тайланд 44  
701 Моңғолия 30 674 Индонезия 29 859 Тайуан 27  
062 Өзбекстан 21 249 Канада 19 393 Шри-Ланка 15  
506 Бангладеш 10 863 Пәкістан 9 820 Ресей 9  
622 Камбоджа 9 204 Непал 8 164 Колумбия 8  
000 Аустралия 7 466 Үндістан 6 364 Ұлыбритания 5  
024




# ДІНІ

- ? Оңтүстік Кореяның негізгі діндері — дәстүрлі **буддизм** және жақында ғана елге енген **христиан діні**. Алайда 500 жыл бойы **Чосон әулетінің** ресми идеологиясы болып есептелген **конфуциандық** ілімі мен корей халқының негізгі діні болған **шаманизм** аталған екі ағымға да өз әсерін тигізді.
- ? Оңтүстік Корея үкіметінің **2003 жылы** жиналған статистикалық мәліметтеріне сәйкес халықтың 46% ешбір дінді ұстанбайды. Христиандықтардың үлесі 29,3% құрайды (18,3% — **протестанттар**, 10,9% — **католиктер**), ал **буддизм** дінін ұстанушылардың үлесі — 22,8% құрап отыр.
- ? Елдегі өзге дін өкілдерінің үлесі 2,5% құрайды. Олар негізінен **даосизм**, **конфуциандық** және **христиандық** сияқты діндердің кейбір элементтерінен құралған Вонбульгё, Чхондогё сиықты мектептердің шәкірттері.
- ? Сонымен қатар Оңтүстік Кореяда 150 мыңнан астам **ислам** дінінің өкілдері бар (0,1%), олардың ішінде 40 мыңы **корейлер**. Ислам дінінің Корея елінде пайда болуы – **1950 – 1953 жылдары** орын алған **Корей соғысына Біріккен Ұлттар Ұйымының** атынан келген түрік әскерлерінің арасында болған Әбдіррахман, Әбділғафур Қараысмайылоғлы, Зүбайра Кош есімді имамдардың келуімен байланыстырылады. Сол кездері түрік әскерлеріне арнайы тұрғызылған уақытша шатырлы мешіттер корейлерге ислам діні жайлы ақпарат тарататын орынға айналды.
- ? Соғыс аяқталғаннан кейін Кореяда шағын болса да белсенді **умма** қалыптасып, **1955 жылы** ислам дінін халық арасына таратумен айналысатын Корей ислам қоғамы құрылды. Корей ислам қоғамымен алғашқы корейлік имам тағайындалды. Ал **1967 жылы** елдегі 60-қа жуық мешітті басқаратын Корей мұсылман федерациясы құрылды. **1976 жылы** Сеул қаласында ағылшын, корей және араб тілдерінде білім беретін медресесі бар Сеул Орталық мешіті ашылды.



# БІЛІМІ

- ? Елдегі білім және ғылыммен 2008 жылы білім министрлігі мен ғылым және техника министрліктерінің бірігуінен пайда болған Корея Республикасының білім, ғылым және техника министрлігі айналысады. Оңтүстік Кореяда білім беруде математика, корей тілі және ағылшын тілі пәндеріне, сондай-ақ нақты ғылымдарға аса жіті назар аударылады.
- ? Елдегі жетекші жоғарғы оқу орындары:
- ? Сеул Ұлттық Университеті (кор. 서울대학교)
- ? Корея озық ғылым және технология институты (KAIST, кор. 한국과학기술원)
- ? Пусан ұлттық университеті (кор. 부산대학교부산대학교)
- ? Білім беру жүйесінің жалпы құрылымы мынадай:
- ? ДеңгейКорейше атауыОқу жылының ұзақтығыМіндетті ме?Бастауыш мектепкор. 초등학교<sup>2</sup>, 初等學校<sup>2</sup>6 жылИәОрта мектепкор. 중학교<sup>2</sup>, 中學校<sup>2</sup>3 жылИәЖоғары мектепкор. 고등학교<sup>2</sup>, 高等學校<sup>2</sup>3 жылЖокКолледжкор. 전문대학<sup>2</sup>, 專門大學<sup>2</sup>2 жылЖокУниверситеткор. 대학<sup>2</sup>, 大學<sup>2</sup>4 жылЖок



# ТІЛІ

- ? Корей Республикасының мемлекеттік тілі - корей тілі. Корей тілі, сондай-ақ Оңтүстік Кореяның солтүстігіндегі шекаралас көршісі – Солтүстік Кореяның да мемлекеттік тілі болып табылады. Сонымен қатар Қытай, Жапония, АҚШ, Ресей, Қазақстан және басқа да Орта Азия елдерінде де корейлер тұратындықтан корей тілінің сөйлеушілері бар. Жалпы корей тілінде 78 млн адам сөйлейді. Зерттеушілердің басым көпшілігі бұл тілді окшауланған тілдерге жатқызады<sup>[12]</sup>, алайда кейбір ғалымдардың пайымдауы бойынша ол алтай тілдерінің жанұясына кіргізеді<sup>[13]</sup>. Корей тілі — қазақ тілі сияқты SOV тәртібіндегі Жалғамалы тілдердің бірі болып табылады.<sup>[14]</sup>
- ? Елдің әртүрлі өңірлерінде сөйлеу ерекшеліктеріне қарай бірнеше кішігірім диалекттер қалыптасқан. Дегенмен тіл нормаларының стандарты ретінде Сеул өңіріндегі диалект қабылданған. Кеңес Одағының құрамына енген Орта Азиялық мемлекеттерде тұратын корейлерді корё-сарам деп, ал олар сөйлейтін диалектіні корё-мар деп атайды.





# ТРАНСПОРТ, ЭНЕРГЕТИКА Ж/Е ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

- ? Оңтүстік Кореядағы транспорт авто және темір жолдар, әуе және теңіз магистральдары сияқты елдің транспорттық коммуникация жүйесін құрайды. Жоғары жылдамдықта жүретін КТХ пойыздары Кёнбусон сияқты бағыттармен байланысты қамтамасыз етеді. Сеул, Пусан, Инчхон, Тэгу, Тэджон және Кванлжу сияқты ірі қалалардың метрополитендері бар.<sup>[36]</sup> Қалалардың көбісінде экспресс-автобус терминалдары орналасқан.<sup>[37]</sup>
- ? Оңтүстік Кореяның ең ірі әуежайы болып саналатын халықаралық Инчхон әуежайы 2001 жылы салынған. 2010 жылғы деректер бойынша әуежай жылына 30 млн жолаушыға қызмет көрсеткен.<sup>[38]</sup> Елдің тағы бір ірі халықаралық әуежайлары — Кимхэ және Челжу. Сондай-ақ жеті ішкі әуежайлар мен көптеген тікұшақ станциялары бар.<sup>[39]</sup>
- ? Халықаралық Инчхон әуежайының маглев станциясы
- ? 1962 жылы құрылған Korean Air әуекомпаниясы 2008 жылы 21,64 млн жолаушыға, оның ішінде 12,49 млн шетелдіктерге қызмет көрсетті.<sup>[40]</sup> Оңтүстік Кореялық әуекомпаниялары 297 халықаралық маршрутқа қызмет көрсетеді.<sup>[41]</sup>
- ? 2010 жылғы деректерге сәйкес Оңтүстік Корея АЭС саны бойынша әлемде бесінші орында, ал Азияда бірінші орында.<sup>[42]</sup> АЭС елдегі электр қуатының 45 % жеткізеді, бұл әр түрлі заманауи реакторларды дамуына себепші.
- ? Оңтүстік Корея ядролық реакторлар экспорттаушысы болып табылады және БАӘ<sup>[43]</sup>, Иордания<sup>[44][45]</sup>, Аргентина<sup>[46][47]</sup> елдерімен жеткізу жөнінде келісім-шарт орнатқан. 2010 жылғы жағдайлар бойынша Оңтүстік Корея мен Түркия елдері екі реактор құрылысы жөнінде келіссөздер жүргізуде.<sup>[48]</sup>
- ? Оңтүстік Кореяның әлемдік ядролық нарықтағы бәсекелестері болып саналатын Жапония, Германия, Франция сияқты ірі ядролық державалармен салыстырғанда АҚШ тарапынан саяси қысымның<sup>[49]</sup> салдарынан Оңтүстік Кореяға уран байытуға немесе уран байыту бойынша дәстүрлі технологияларды дамытуға рұқсат етілмейді.







# ТУРИЗМ

? Мәліметтерге сәйкес **2012 жылы** 11,1 млн шөлелдік туристер Оңтүстік Корея еліне саяхаттап келген,<sup>[50]</sup> ал 2010 жылы 8,5 млн туристер елде болып қайтқан<sup>[51]</sup>. Корей толқынының өзі (Халлю, **кор. 한류**) **2013 жылы** Корея Республикасына 12 млн туристің келуіне себепші болы, оның ішінде жалғыз Қытайдың өзінен 6 млн турист келген<sup>[52][53]</sup>. Елдегі **туризм** қарқынды дамығандықтан Оңтүстік Корея үкіметті **2017 жылға** дейін елге келуші туристер санын 20 миллионға жеткізуді көздеп отыр<sup>[54]</sup>. Хюндай ғылыми-зерттеу институтының зерттеулері бойынша Корей толқыны мәдениет индустриясын дамытып қана қоймай, сонымен қатар туризмнің дамуына да үлес қосып жатыр. Сондықтан Корей толқынына қызығып, елге келіп жатқан туристер саны жылдан жылға артуда<sup>[55]</sup>

? Оңтүстік Кореядағы туризмнің тағы бір дамыған саласы – медициналық туризм болып табылады. Елге медициналық тексерістен өту үшін көбіне Азия елдерінен келеді, алайда қазіргі кезде басқа да құрлықтардан келушілер саны артуда. Келушілердің басым бөлігі **пластикалық хирургияға** жүгінеді.



# КИБЕРНЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

- ? Мәліметтерге сәйкес 2012 жылы 11,1 млн шелелдік туристер Оңтүстік Корея еліне саяхаттап келген, ал 2010 жылы 8,5 млн туристер елде болып қайтқан<sup>[51]</sup>. Корей толқынының өзі (Халлю, кор. 한류) 2013 жылы Корея Республикасына 12 млн туристің келуіне себепші болы, оның ішінде жалғыз Қытайдың өзінен 6 млн турист келген. Елдегі туризм қарқынды дамығандықтан Оңтүстік Корея үкіметті 2017 жылға дейін елге келуші туристер санын 20 миллионға жеткізуді көздеп отыр. Хюндай ғылыми-зерттеу институтының зерттеулері бойынша Корей толқыны мәдениет индустриясын дамытып қана қоймай, сонымен қатар туризмнің дамуына да үлес қосып жатыр. Сондықтан Корей толқынына қызығып, елге келіп жатқан туристер саны жылдан жылға артуда
- ? Оңтүстік Кореядағы туризмнің тағы бір дамыған саласы – медициналық туризм болып табылады. Елге медициналық тексерістен өту үшін көбіне Азия елдерінен келеді, алайда қазіргі кезде басқа да құрлықтардан келушілер саны артуда. Келушілердің басым бөлігі пластикалық хирургияға жүгінеді.





# РОБОТОТЕХНИКА

- ? 2003 жылдан бастап Оңтүстік Корея робототехника саласын дамытуды ұлттық жоспардың қатарына енгізген.<sup>[67]</sup> 2009 жылы Оңтүстік Корея Үкіметі Инчхон және Масан еркін экономикалық аймақтарына арнайы роботтарды өндіру жөнінде жоспарын жариялады<sup>[68]</sup>.
- ? 2005 жылы Корея озық ғылым және технология институты адам тәрізді HUBO роботын құрастырды. 2006 жылдың мамыр айында Korea Institute of Industrial Technology тобы алғашқы корейлік EveR-1 андроид роботын құрыстырып шығарды.<sup>[69]</sup>
- ? Елде мұғалімдердің тапшылығына байланысты 2010 жылдың ақпан айында ағылшын тілінен ұстаздық ететін роботтарды құрастыру жоспары қолға алынып, 2013 жылы мектеп алды білім беру мекемелерінде алғашқы өнімдер білім бере бастады.<sup>[70]</sup> Робототехника сондай-ақ ойын-сауық аясында да қолданысқа ие болды. 2004 жылы ғылым мен робототехника технологияларын дамыту мақсатында елде роботтар ойыны фестивалі ұйымдастырылып, жыл сайын өткізілуде.<sup>1</sup>



# ӘУЕҒАРЫШТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

- ? Оңтүстік Корея 1992 жылдан бастап онға жуық серікті ғарышқа аттандырды. Барлық серіктер шетелдік зымыран-тасығыш көмегімен және шетелдік ғарыш айлақтарынан жіберілген. Ресеймен серіктестік аясында 1999 жылы Arirang-1 және 2006 жылы Arirang-2 серіктері ғарышқа ұшырылды<sup>[58]</sup>. 2008 жылы тоғыз жыл бойы жұмыс істеген Arirang-1 серігінің жоғалып кеткені мәлім болды<sup>[59]</sup>.
- ? 2008 жылдың ақпанында Байқоңыр ғарыш айлағынан Ресейлік Союз ТМА-12 ғарыштық кемесінде алғаш рет корей азаматы Ли Со Ён ғарышқа аттанды<sup>[60]</sup>.
- ? 2009 жылдың маусымында Чолла-Намдо провинциясының Кохын уездінде Оңтүстік Кореядағы тұңғыш ғарыш айлағы салынып бітті.<sup>[61]</sup> 2009 жылдың тамыз айында алғашқы Наро-1 зымыран-тасығышың ұшыру сәтсіз аяқталды.<sup>[62]</sup> 2010 жылғы екінші талпыныс та сәтсіз аяқталды..<sup>[63]</sup> 2013 жылдың қаңтарында Наро-1 үшінші рет ұшырылып, сәтті ғарышқа аттанды<sup>[64]</sup>. Оңтүстік Корея үкіметі 2018 жылға дейін Наро-2 зымыранын құрастыруды көздеп отыр<sup>[65]</sup>.
- ? Albert HUBO
- ? АҚШ тарапынан көрсетілетін саяси қысымның салдарынан Оңтүстік Корея ірі зымырандық және зымыран-ғарыштық бағдарламаларды жүзеге асыра алмай отыр<sup>[66]</sup>. Сол себепті Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болып отыр.



# МӘДЕНИЕТІ

- ? Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея мәдениеттері дәстүрлі Корея мәдениетінен бастау алады, алайда 1945 жылы бөліну нәтижесінде түбекте қос мемлекет құрылғаннан кейін екі елдің мәдениеті әр түрлі даму толқынына түсті. Корея мәдениетінің дамуына Қытай мемлекетінің зор ықпалы тиген<sup>[75]</sup>, дегенмен Корея мәдениеті бірегей құндылықтарымен ерекшеленеді.
- ? Қарқынды индустрияландыру мен урбандалу үдерістерінің нәтижесінде Оңтүстік Корея халқының өмір сүру салты өзгеріске ұшырады. Бұл халықтың ірі қалаларға, әсіресе Сеул қаласына қоныстануына, ал ірі қалалардан тыс елді-мекендердің керісінше депопуляциялануына соқтырды. Euromonitor International компаниясының зерттеулерінің нәтижесінде Оңтүстік Кореяда бір апта ішінде ішілетін алкоголь мөлшері – әлемнің басқа елдерімен салыстырғанда жоғары екендігі анықталған. Есептеулер бойынша Оңтүстік Корея халқы аптасына орта есеппен 13,7 рәмке ішімдік ішеді екен. Бұл көрсеткіш Оңтүстік Кореялықтардың Ресейліктерден екі есе көп, ал америкалықтардан төрт есе көп ішімдік ішетіндігін көрсетеді







# SAMSUNG GROUP

Оңтүстік Кореядағы ірі өнеркәсіп концерннің бірлестігі. 1938 жылы Кореяда негізі қаланған. Әлемдік нарықта жоғары технологиялық компоненттрді, телекоммуникациялық құрал-жабдықтарды, тұрмыстық техникаларды, аудио және видео құрылғыларды өндіруші ретінде танымал □.

«Самсунг» сөзі ((кор. 삼성, 三星, практикалық транскрипция нормасына сәйкес сөздің анағұрылым дұрысырақ дыбысталуы — «самсон») корей тілінде «үш жұлдыз» мағынасын білдіреді. Бұл атау Samsung компаниясының негізін салушы Ли Бен Чхольдің үш ұлына байланысты болуы мүмкін. Кенже ұлы Ли Гон Хи мұрагерлік тұрғысынан отбасындағы жекеменшіктің басым бөлігін үлкен ұлы иемденеді деген бүкіл шығыс дәстүрін бұзып, компанияны 2008 жылдың сәуір айына дейін басқарған.





# КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

- ? 1930 жылдары кәсіпкер Ли Бен Чхоль күріш ұны өндірісі бойынша өз ісін ашады. Тэгу қаласындағы шағын қойма Samsung компаниясының тарихына бастама болады. Сол кездері Корея Жапонияның отары болғандықтан, елде жеке кәсіпкерлікпен айналысу едәуір қиын болатын. Соған қарамастан 1938 жылдың өзінде-ақ Ли Кореядан Қытай мен Маньчжурияға экспорттау үшін өзінің бірінші каналын жасауға қол жеткізеді. Күріш, қант және кептірілген балық сынды азық-түлік өнімдерін жеткізудің қарқынды дамуы Samsung Trading Company сауда маркасымен ресми түрде тіркелуге мүмкіндік берді. Атаудың шетелдік (Корея үшін) көрінісі корейлік кәсіпкердің алға қойған мақсаттарына ұмтылуының, амбициялы жоспарларының арқасында 1950 жылдары Ли Бен Америка құрлығымен сауданы қалпына келтірмек болғанда пайдабола бастады. Корея түбегіне АҚШ әскерінің келуінен кейін зауыттың күріш шарабы мен сырасын шығару саласындағы өнімдері одақтық әскер өкілдеріне сатыла бастады. Кореядағы соғыс бизнестің тоқтауына себепші болды. Компанияның негізгі зауыттары секілді қоймалар да қиратылып, өртелді. Қиратылып өртенген Ли Бен үйінде кейінгі жаңа ісін бастауға негіз болған ақша толы жасырылған жәшік табылған деген қауесет бар. Бұл тоқыма фабрикасы, қант зауыты, кейіннен сақтандыру бизнесі болған. 1960 жылдары Кореяда халықтың орташа табысы 80 доллардан аспағандықтан, Ли Бен өз ісінің нәтижесінде байи түседі. Сол кездері елде, тіпті ел астанасы – Сеулде де электр қуаты тапшы болып, жарық тек сағатпен берілді. Ал орталықтандырылған су құбырлары істен шықты. Ли Бенның жақын досы, президент Ли Сын Ман әскери төңкеріс жасап, оған бай кәсіпкер қолдау көрсетеді. Нәтижесінде Ли Бенды тақтан тайдарылған президентпен жақын қарым-қатынаста болғаны үшін және жемқорлықпен айыптап, түрмеге жабылады.



# КОРЕЯ СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ SAMSUNG

? Оңтүстік Кореяның жаңа президенті, генерал Пак Чон Хи экономикалық және өнеркәсіп реформаларды бастайды. Экономиканың өнеркәсіп секторын дамытуға арналған жоба мен бағдарламалар әзірленді. Шикізат пен заманауи технологиялар өндіруге шетелдік займдар тартып, одан түскен пайданы қайтадан осы өнеркәсіптерді жетілдіруге жұмсауға бағытталды. Осындай кезеңде тасы өрге домалаған кәсіпкерлердің бірі – Ли Бен Чхоль еді. Осылайша 30 ірі компания (чеболи – «қаржы отбасысы») құрылды. Солардың ішінде Samsung сынды Daewoo, Hyundai, Goldstar (LG) және тағы басқалары да бар еді. «Қаржылық отбасыларының» әрбірінде өзінің бағыты болды: Daewoo – автокөлік өндірісі, Goldstar – тұрмыстық техникалар, Samsung – электроника, Hyundai – құрылыс саласы.



# DAEWOO

? («Тэу» корей тілінде 대우/大字 «Үлкен Әлем» деген мағына береді) **Оңтүстік Кореяның** ірі чебольдарының (қаржы-өнеркәсіптік топтар) бірі.

Компанияның негізі **1967 жылы** 22 наурызда **Daewoo Industrial** деген атпен қаланған.

Ал **1999 жылы** Оңтүстік Корея үкіметі таратып жіберді.



# БӨЛІМШЕЛЕР

- ? Daewoo компаниясы электроника, тұрмыстық техника мен автомобильдер шығарумен айналысты. Компанияның құрамына шамамен 20 бөлімше кірген болатын. Дағдарысқа дейін көлемі жағынан **Hyundai**-дан кейінгі Кореядағы екінші конгломерат болған. Ол **LG** және **Samsung** компанияларынан көлемі бойынша үлкен болатын. Daewoo тобының құрамында бірнеше басты корпорациялар болған:
- ? Daewoo Electronics, электроника өнімдерін шығаратын халықаралық өндіруші (тармақшалары – Daewoo Electronic Components Co. Ltd, Daewoo Electric Motor Industries Ltd., Orion Electric Co. Ltd.)
- ? Daewoo Heavy Industries (DHI), ауыр өнеркәсіп.
- ? Daewoo Shipbuilding & Marine Engineering, кеме жасау мен теңіз инженерлігімен айналысады. Қазір DSME, ол 2001 жылы қайтадан Корея қор биржасының тізіміне енді.
- ? Daewoo Securities, сақтандырумен айналысады.
- ? Daewoo Telecom, телекоммуникациямен айналысады.
- ? Daewoo Construction, бұлар тораптар, бөгет және көп қабатты үйлер құрылысымен айналысты, әсіресе Африка мен Таяу Шығыста.
- ? Daewoo International, халықаралық сауда ұйымы.
- ? Daewoo Development Company, құрылыс компаниясы. Ол қонақ үй бизнесін дамыту үшін құрылған және оны Daewoo тобының қолма-қол ақшасымен қаржыландырады. Жетегі Кореяда, Қытайда, Вьетнам және Африкада салынған болатын. Бұл қонақ үйлердің жобасын компания төрағасының жұбайы жасаған. Ең көріктісі Daewoo-ның 1996 жылы салған (163 миллион доллар) 5-жұлдызды Ханой қонақ үйі болатын. Онда гольф ойнауға арналған алаң және Азиядағы ең үлкен болып саналатын жүзу бассейні бар.
- ? Daewoo Motor, автомобильдер шығаратын бөлімше (тармақшалары – Daewoo Automotive Components Co. Ltd., Daewoo Bus Co., Ltd., Daewoo Commercial Vehicle Co. Ltd.).
- ? Daewoo Motor Sales, Daewoo автомобилдерін сататын бөлімше. Сонымен қатар ол Кореяда GM және басқа да компаниялардың автомобилдерін сатқан (тармақшалары – Architectural Iaan Div., SAA-Seoul Auto Auction).
- ? Daewoo Precision Industries
- ? Daewoo Textile Co. Ltd.
- ? Daewoo Corporation, (тармақшалары – Daewoo Construction, Keangnam Enterprises) автобандар, бөгеттер және көп қабатты үйлердің құрылысымен айналысады, әсіресе Таяу Шығыс пен Африкада.
- ? IAE (Institute for Advanced Engineering), зерттеу және өңдеу кешенді орталығы.





# ДАҒДАРЫС

- 1998 жылы болған азиялық қаржы дағдарысының әсерінен Daewoo тобы қаржы дағдарысына ұшырады. Сонымен қатар Ким Дэ Чжун президентінің билігі кезінде компанияның Корея үкіметімен қарым-қатынасы нашарлады.
- Корей үкіметі несие алуға (бұрын төмен және шектеусіз болған) қатаң шектеулер қойды. Экономикалық дағдарыс көптеген чеболдерді қысқартулар мен оңтайландыруға әкелсе, Daewoo керісінше бір жылдың ішінде үлкен шығындардан (458 000 000 доллар) кейін, жұмыс жасап тұрған 275 бөлімшелерге 14 жаңа фирма қосты. 1997 жылы Оңтүстік Кореядағы ең ірі төрт концерндер өздерінің акцияларының құнынан бес есе асатын қарыздары болды. Дегенмен LG және Samsung дағдарыстың екінші жылында көптеген қысқартулар мен қайта құру жұмыстарын жүргізді. Daewoo жұмыстарын бұрынғы қалыппен жүргізді. Осының нәтижесінде концерннің қаразы 40 %-ға өсті.
- 1999 жылы Оңтүстік Кореяда көлемі бойынша екінші орында болған Daewoo концерні банкрот болды. Оның 100-ден астам елде бөлімшелері болған және 80 миллиард доллардан асатын қарыздары болған.
- Компания тарағаннан кейін оның президенті, Ким Уджун, Францияға қашып кетеді. Ол 6 жыл шет елде өмір сүргеннен кейін 2005 жылы маусымда Кореяға қайтып оралады. Елге келген соң тұтқынға алып, оны 43,4 миллиард долларға жасаған алаяқтыққа, 10,3 миллиард долларды заңсыз иемденгені үшін және 3,2 миллиард долларға елде контрабандамен айналысқаны үшін айыптады.
- 2007 жылы 15 қарашада Оңтүстік Кореяда Daewoo-ның президенті Ли Тхэён және 13 азаматтар құқық бұзушылық айыбымен сотталды. Оларды – Бирма мұнай-газ өнеркәсібіне қатысты заңсыз операцияға байланысы бар деп, сонымен қатар қару-жарақ, қару технологиясы мен бирмалық хунта жабдықтарын сатқаны үшін айыптады. Компания концерндері Оңтүстік Кореяның экономикасында маңызды рөл атқарғандықтан, Daewoo-ның құлауы осы күнге дейін дау туғызуда. Компанияның құлауы Корея банктері мен үкіметін бірнеше миллиард доллар шығынға әкелді. Бұл тек қаржылы дағдарысқа емес сонымен қатар саяси дағдарысқа әкелді. Халық тұрғындарының көп бөлігіне ауыр соққы болды.
- Daewoo Electronics басты концерннің құлауына қарамастан нарықтағы белсенділігін тоқтатпады. Компанияның басқа бөлімшелері жеке компания болды немесе жұмысын тоқтатты. Кейбір бөлімшелерді президент Ким Дэ Чжун қайта ұйымдастырды.
- Қазіргі таңда Солтүстік Америкадағы Daewoo Electronics-тың өнімдері, ODM келісімінің негізінде «Trutech» маркасымен шығарылуда. Daewoo тобы (электроникадан басқа) үш бөлікке қайта ұйымдастырылды:
- АҚ Daewoo International Corporation – сауда және инвестиция;
- АҚ Daewoo Engineering & Construction – болат өндірісі және мұнай-газ шығаратын құрал-жабдықтардың өндірісімен айналысады.
- АҚ Daewoo Shipbuilding & Marine Engineering – кеме жасау.
- Daewoo-ның кейбір бөліктері басқа фирмаларға бірігіп кетті: Джeneral Моторс жеңіл автомобилдер бөлімшесін сатып алды. Өндіріс «GM-DAT» (ағылш. General Motors - Daewoo Auto and Technology) деп өзгертілді. Daewoo Commercial Vehicles-ты «Tata Motors» (Үндістан) сатып алды. Ол әлемде орташа және ауыр жүк автомобилін шығару бойынша бесінші орын алады; атқыш қару және автомобилдің қосалқы бөлшектерін шығаратын бөлімшені S&T Holdings сатып алды. Ол 2006 жылдан бастап S&T Daewoo деген атаумен белгілі.
- 2004 жылы GM Австралия мен Жаңа Зеландия нарығынан Daewoo компаниясының автомобилдерін алып тастады. Бұл компанияның сауда маркасына ауыр соққы болды. Daewoo автомобилдері осы елдерде Holden деген патпен шығарылады деп жарияланды. 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуропада сатылатын автомобилдер (Украинада шығарылатындарды да қосқанда) атауын Daewoo-дан Chevrolet-ке өзгертті. Сол кезде Оңтүстік Африкада, Таиландта және Таяу Шығыста Daewoo автомобилдері Chevrolet атауымен сатылып жатқан болатын. Тек Оңтүстік Кореяда, Өзбекстанда және Вьетнамда Daewoo сауда маркасы сақталып қалды. Дегенмен компанияның Оңтүстік Кореядағы қаржы жанжалдары мен айла-амалдарына байланысты беделінің кесірінен, 2011 жылдың басында Джeneral Моторс Daewoo-ны пайдаланудан бас тартты. Компанияның Вьетнам мен Өзбекстандағы болашағы анық емес.
- Daewoo мұнай мен газ өнеркәсібінде алға жылжып келеді. Батыстың көптеген мұнай және газ компаниялары Бирмада (сол жерді билейтін әскери хунтаның адам құқықтарын бұзуына байланысты) өз бизнесерін бастаудан бас тартқанына қарамастан Daewoo Yadana облысындағы газ өңдейтін үш (басқа екеуі: француздық Total және американдық Unicol) концерннің бірі. Бирмада жүргізілген Daewoo-ның зерттеу жұмыстары барысында, Ракхайн штатында Азиядағы газдың ең үлкен шыққан жерін табады. Бұл жерден газ өндіру алдағы бес жылдыққа жоспарланған болатын. Daewoo көп жылдар қатарынан Бирмадағы ірі шетелдік инвестор болады.
- 2002 жылдан бастап американдық General Motors автогигантының құрамында болған Кореяның Daewoo бренді 2011 жылдың 1 наурызынан бастап жұмысын тоқтатты.

Назарыңызға РАҚМЕТ!!!!

